


# Тұңғыш Президент күні - елдіктің тұмарындай

“Ежелде елтұтқалар ел орнатқан, Ұласқан ұрпағына олар мақтан. Елбасы - қасиетті аталы сөз, Мазмұны, мағынасы терең жатқан”... демекші, аудандық балалар кітапханасында саясаттың суырылған сара саңлағы, бүкіл әлем мойындаған дара тұлға, алғыр басшы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа

уын» күйлерін тартты. Балалар викторина сұрақтарына жауап беріп, «Қазақстан» атты сөзжұмбақты шешуге ат салысты. Сұрақтарға жылдам және дұрыс жауап берген оқушылар: А. Байкенова, К. Дятлова, Н. Самен, М. Нүркей.

Ауызша журналдың соңында «Біздің Президент - Ұлт көшбасшысы» атты кітап көрмесіне шолу жасалды. Бұл көрмеде



арналған «Тұңғыш Президент күні - елдіктің тұмарындай» атты ауызша журнал өткізілді.

1 желтоқсан күні Қазақстан тарихында мәңгі қалады. Міне, осындай сөздермен аудандық балалар кітапханасында өткен іс-шара басталды. Бұл шараға ауданымыздың мектептерінен 5-6-7 сынып оқушылары қатысты, ауызша журнал 2 тілде өткізілді.

Оқушылар Елбасымыздың өмірбаянымен танысып, оның еңбек жолдары туралы маңызды мағлұматтар алды. Іс-шараның ету барысында ән айтылып, күй тартылды, өлеңдер жатқа айтылды. №2 орта мектептің оқушысы Ысқақов Нұрсұлтан мен Нүркей Малика «Адай», «Балбыра-

Елбасымыз жайлы әдебиеттермен қатар, оның өз еңбектері де қойылған. 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесінің мәнін ашып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беріп, оқушыларды Елбасындай Отаның, халқын сүйіп, шынайы патриот болуға тәрбиелеу және олардың бойында Елбасына деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру - осы шараның басты мақсаты болып табылды.

**Н. Б. Камиева,**  
аудандық балалар кітапханасы